

«Сенім Қордай» ЖШС» жекеменшік балалар бақшасы

Кезектен тыс өткізілген педагогикалық кеңес отырысының № 7 ХАТТАМАСЫ

Қордай ауылы

04 тамыз 2025 жыл

Қатысқандар : 12

Қатыспағаны : 0

Қатысқандар : Балалар бақшасының меңгерушісі К.Д.Купесбай,
педагогикалық кеңесінің төрайымы, педагогикалық кеңесінің мүшелері, ата-ана комитетінің төрайымы.

Күн тәртібінде:

1. « Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабының 21)2 тармақшасына және «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпанындағы № 124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы № 486 бұйрығымен 2025 жылдың қыркүйек айында «Сенім Қордай» жекеменшік балалар бақшасында кезекті мемлекеттік аттестаттауға өзін-өзі бағалаудың қорытындысын қарау туралы;
2. Педагогикалық кеңесінің төрағасы және кеңес мүшелерінің «Сенім Қордай» жекеменшік балалар бақшасының қызметкерлерінің атқарған жұмыстарын бағалауы.

1 мәселе бойынша Педагогикалық кеңесте «Сенім Қордай» жекеменшік балалар бақшасының меңгерушісі Купесбай Каламқас Джумакадыровна өз сөзінде « Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпанындағы № 124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы № 486 бұйрығымен 2025 жылдың қыркүйек айында « Сенім Қордай» жекеменшік балалар бақшасы мемлекеттік аттестаттаудан өтетіндігі туралы хабарлады. Педагогикалық кеңес мүшелеріне меңгеруші өзін-өзі бағалау қорытындысын бағалау өлшемшарттарын негізінде, білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттау кестесіне сай, жоспарлы түрде өтіп жатқанын, өзін-өзі бағалау материалдары Жамбыл облысы білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне уақытылы ұсынылатыны туралы айтып өтті. Меңгеруші және комиссия мүшелері ата-аналарды өзін-кзі бағалау қорытындысымен таныстырып, әр өлшемшартты түсіндіріп өтті.

2 мәселе бойынша Педагогикалық кеңесінің мүшелері өз ойларын ортаға салды. Педагогикалық кеңесінің төрағасы «Сенім Қордай» жекеменшік балалар бақшасының тәрбиеленушілердің отбасымен байланысы жоғары деңгейде, дәстүрден тыс ата-аналар жиғалысына қатысып, ақпараттарынан

хабардар екенін айтып өтті. Тәрбиеленушілерді таң ертеңмен жылы жүзбен қарсы алып, таңғы жаттығуларды балалардың қызығушылығымен бастап, көңіл-күйлерін көтеріп, ертенгі жаттығуларын жасатып, сауықтыру-шынықтыру жұмыстарын жүргізіп, дене бітімін дұрыс қалыптасуына ерекше көңіл бөлетінін, баланың толыққанды дамуына жағдай жасалып отырғанын айтып өтті. «МДҰ қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» нормалары бойынша балабақшада тамақ үш мезгіл дәрумендерге толық ас мәзірі беріліп, әртүрлі табиғи шырындар берілетінін айтып өтті.

Педагогикалық кеңесінің мүшесі тәрбиешілер ұйымдастырылған әс-әрекет барысында балалардың қызығушылығын арттырып, жас ерекшеліктеріне сай шығармашылық қабілеттерін дамытуда, әр мереке сайын ертеңгіліктер, қызықты ойын-сауықтар, іс-шаралар өткізілетінін айтты. Балалардың шығармашылығын шыңдау барысында аудандық, облыстық, республикалық байқауларға үнемі қатыстырып, жүлделі зор жетістіктерге жеткенін айтты.

Педагогикалық кеңесінің мүшелері: балалардың білім алу құқығы бойынша балабақшада тірбиелеумен қатар ойын түріндегі оқыту процесі жүзеге асырылып отырғанын және ашық есік күндері ұйымдастырылып, тәрбиешілердің қолданатын жаңа технологиялары мен заманауи материалдармен танысуға мүмкіндік болатынын атап өтті.

Педагогикалық кеңесінің мүшелері балаларды отбасында тәрбиелеуге арналған түрлі кеңестер мен ұсынымдар орналастырылған ата-аналар бұрышы мен стендтер әсем безендірілген. Сонымен қатар ата-ана және балаларға арналған кітап бұрышы, мобильді кітапхана бұрышын атап өтті. Топтарда заттық дамытушы ортаға арналған жиһаздар мен сөрелер балаларға қолжетімді, стандартқа сай толықтырылғанын, заттық кеңістікте баланың дамуына арналған құралдармен айналысатынын атап өтті. Сонымен қатар ата-аналар бұрышында баланың жетістігі туралы хабарлар, жылжымалы папкалар, оқу жылының күн тіртібі және оның орындалуы туралы мәліметтер енгізіліп отырылатынын айтты. Сондай-ақ интернет желісінде, инстаграмм, фейсбук парақшаларында үнемі балабақшада өткізілген іс-шаралар, ақпараттар алып отыратынын айтты. Дене шынықтыру іс-әрекеті мен ойын-сауық және балабақша тәрбиешілері көптеген әс-шаралар жүргізілетінін, сондай-ақ осы шараларды жүзеге асыру үшін денсаулық сақтау технологиясының элементтерін күнделікті пайдаланып қолайлы орта қалыптасқанын айтты.

Бүгінгі отырысты педагогикалық кеңесінің төрағасы (төрайымы) қорытындылады. Жалпы «Сенім Қордай» жекеменшік балалар бақшасында меңгерушіден бастап барлық қызметкерлерге балалардың құқығын сақтау бойынша жұмыстарға үлкен мән берілетіні мен өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін және балабақшадағы атқарылып жатқан жұмыстарға толық қанағаттанатындығын айтты. Балабақшаның жұмысы туралы ата-аналар пікірін сауалнамалар арқылы ұйымдастырылып отырылады. Балабақшада өзін-өзі бағалау өлшемшарттарының талаптарына

Педагогикалық кеңес шешімі: 21.12.2021

2 мәселе бойынша Педагогикалық кеңесінің мүшелері «Сенім Қордай» жекеменшік балалар бакшасының педагог-тәрбиешілерінің атқарған жұмыстарын, өзін-өзі бағалау қорытындысын қанағаттанарлық деп танылсын.

Педагогикалық кеңесінің төрағасы: И. Д. Исаев

Хатшы: Әмірқұл С.М



Курьесъ